



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2023 жылғы қазан

Жылдық инфляция 2023 жылғы қазанда 10,8%-ды (қыркүйекте – 11,8%) құрады. Азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың, сондай-ақ ақылы көрсетілетін қызметтердің бағасы бір жылда тиісінше 10,4%-ға (қыркүйекте – 11,4%), 11,1%-ға (қыркүйекте – 12,1%) және 11,0%-ға (қыркүйекте – 11,9%) дейін баяулады.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 20 өңірде баяулады. Жылдық инфляция 9 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары қалыптасты. Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Ақмола (12,7%), Солтүстік Қазақстан (12,1%) және Жетісу (11,7%) облыстарында тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2022 қазан – 2023 қазан), %-бен

Ақмола	19,9	12,7
Солтүстік Қазақстан	18,6	12,1
Жетісу	18,4	11,7
Қарағанды	19,4	11,4
Ұлытау	19,6	11,4
Жамбыл	16,8	11,3
Түркістан	17,7	11,2
Алматы қ.	18,8	11,1
Шығыс Қазақстан	19,0	10,9
Қазақстан Республикасы	18,8	10,8
Қостанай	18,5	10,7
Атырау	17,7	10,6
Павлодар	18,1	10,6
Ақтөбе	18,4	10,5
Батыс Қазақстан	18,4	10,4
Қызылорда	18,3	10,3
Маңғыстау	22,7	10,3
Астана қ.	21,8	9,9
Абай	19,5	9,7
Шымкент қ.	18,5	9,7
Алматы	16,9	9,1

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары ел бойынша деңгейден (10,4% ж/ж) жоғары Ұлытау (14,2%), Солтүстік Қазақстан (12,0%), Ақмола (11,9%) облыстарында, Астана қаласында және Жамбыл облысында (11,8%-дан), Қызылорда (11,5%), Қостанай (11,3%), Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында (10,8%-дан), Алматы қаласында және Абай облысында (10,5%-дан) қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы ел бойынша (11,1% ж/ж) бағадан жоғары Алматы қаласында (12,9%), Жамбыл (12,5%), Солтүстік Қазақстан (12,1%), Ақмола (12,0%), Маңғыстау (11,9%), Түркістан (11,7%), Жетісу (11,5%), Шығыс Қазақстан (11,4%) және Қостанай (11,2%) облыстарында өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы жалпы республикалық деңгейден (11,0% ж/ж) жоғары Түркістан (15,6%), Жетісу (15,3%), Ақмола (15,1%), Ақтөбе (14,5%), Қарағанды (13,5%), Солтүстік Қазақстан (12,6%), Атырау (12,2%) және Павлодар (11,8%) облыстарында өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрауыштары, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	10,4	11,1	11,0
Ақмола	11,9	12,0	15,1
Ақтөбе	8,6	9,6	14,5
Алматы	9,0	8,9	10,1
Атырау	9,9	10,8	12,2
Батыс Қазақстан	10,8	10,6	9,8
Жамбыл	11,8	12,5	9,6
Қарағанды	10,4	10,4	13,5
Қостанай	11,3	11,2	8,9
Қызылорда	11,5	9,6	9,2
Маңғыстау	9,2	11,9	10,1
Павлодар	10,3	10,1	11,8
Солтүстік Қазақстан	12,0	12,1	12,6
Түркістан	9,2	11,7	15,6
Шығыс Қазақстан	10,8	11,4	10,6
Астана қ.	11,8	9,3	7,8
Алматы қ.	10,5	12,9	9,5
Шымкент қ.	7,6	11,0	10,9
Абай	10,5	10,0	8,4
Жетісу	10,0	11,5	15,3
Ұлытау	14,2	8,1	10,7

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2023 жылғы қазанда елде айлық инфляция 0,7%-ды құрады, бұл тарихи орташа мәнгеⁱ (2017-2021 жылдарда қазанда 0,7%) сәйкес келеді. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Шымкент қаласында (1,1%) байқалды.

2-кесте. 2023 жылғы қазандағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдардағы кезеңдегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы қазандағы орташа мәні	2023 жылғы қазан	Өңірлер	5 жылғы қазандағы орташа мәні	2023 жылғы қазан
Қазақстан Республикасы	0,7	0,7	Алматы қ.	0,6	0,7
Шымкент қ. ⁱⁱ	0,6	1,1	Ақтөбе	0,7	0,6
Павлодар	0,9	1,0	Түркістан	0,7	0,6
Ақмола	0,7	0,9	Астана қ.	0,7	0,6
Қарағанды	0,8	0,9	Абай	-	0,5
Маңғыстау	0,6	0,9	Жетісу	-	0,5
Солтүстік Қазақстан	0,7	0,9	Ұлытау	-	0,5
Атырау	0,5	0,8	Алматы	0,8	0,4
Батыс Қазақстан	0,5	0,8	Жамбыл	0,6	0,4
Шығыс Қазақстан	0,9	0,8	Қызылорда	0,7	0,4
Қостанай	0,7	0,7			

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеуі

ⁱ Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер

ⁱⁱ Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән.